

Бесқарағай жалпы орта білім беру мектебі

2023-2024 оқу жылы

Lesson Study зерттеу сабағын рефлексивті есеп

Математика пәнінен өткен іс әрекетті зерттеу сабағы кезіндегі үш кезеңнен тұрған С оқушының талдау

Бастауыш сыныпта математика пәнінен зерттеу сабағын жүргізген Рахимжанова Жанаргул Болатқожаевна .

Сыныбы:2

Күні :04.12.2023

Сабақ тақырыбы: Шамалардың мәндерін қосу және азайту.

Зерттейтін С деңгейдегі 2 сыныпта оқитын Абишева Айсана таңдалып алынды . Зерттеу барысындағы мақсатым топтағы оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір әдіс тәсілдер арқылы қалай дамытуға болатынын анықтау мақсатында бастадым.

Сабақта «Су-ли-фа» әдісі арқылы топтық тапсырма, «Ойнай отырып ойла» әдісі, «Сұрақ-жауап» , «Кім жылдам» әдісі және «Триггер» әдісі арқылы тапсырмаларды қолданды.

Сабақтың әр кезеңіндегі іс әрекеттерін бақылау қағазына түрте отырып, білім алушының сабақты меңгеру кезіндегі қиындықтарды аңғарды.Таңдалған әдістердің басымы С деңгейдегі оқушының ерекшелігіне сай келмеді. Топпен, жұппен жұмыс істеуде С деңгейдегі оқушы өзін нашар көрсетті. Өзін алаңғаларлық ұстап тақырыпты түсіне алмады. Алдағы уақытта тақырып мақсатына жету үшін С деңгейіне байланысты дұрыс таңдап, тапсырмаларды құрастыру барысында өте мұқият болу керек деп болжам жасадым. С деңгейіндегі оқушы бойында сенімділік жоқ. Сенімділікті қалыптастыру үшін өзіне жеке көңіл бөлуді қажеттілік танытты және арнайы тапсырма ойластыру керектігі де айтылды. Келесі тізбектелген сабақта не істеу керек? Тығырықтан қалай шығуға болады? деген сұрақтар туындады. Әр мүше өз ойымен бөлісіп, келесі сабақтың жоспарын өзгертуге ұсыныс бердім. Оқушының оқу мотивациясын көтеру үшін ұтымды әдіс ойластырып, тапсырмалар құрастыру керек деген ұсыныста да болды.

Зерттеу сабағының №1 цикіліне талдау жүргізіп, бақылаудағы оқушының іс-әрекеті талданып, сәтсіз тұстарын анықталды, сәтсіз тұстарын ашып талдау жүргізілді. Әрине, мұнда «оқушы үні» ескерілді. Пән мұғалімінің бұрынғы тәжірибесінде сабақ жоспарын құруда, сабақты зерттеуде, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Ал Лессон Стади тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екені анық көрінді. Келесі сабақтарда сабақ жоспарына өзгерістер енгізуге ұсыныстар бере отырып, оқушы қажеттілігі қамтылса бір саты болса да ілгері жылжиды деген ойдамын.

12.12.2023 күнгі Lesson Study №2 сабақта математика пәнінен өткен зерттеу сабағы кезіндегі С деңгейіндегі оқушыны талдау есебім.

Сабақтың тақырыбы: Сандар жиынын құру және жіктеу.

Сабақ барысында сұрақ жауап әдісінде С деңгейдегі оқушы дұрыс тыңдап ойын жинақтауға тырысты. Алдыңғы сабақта ойын жинақтай алмай алаңғасарлық танытқан еді. Бірақ кері байланыс кезінде сұрақтарға жауап бере алмады. Бірақ ұсыныс ретінде С деңгейдегі оқушы өзіне ерекше көңіл бөлуді қажет екендігін көрсетті.

19.04.2023 ж. күнгі Lesson Study №3 сабақта математика пәнінен өткен зерттеу сабағы кезіндегі С деңгейіндегі оқушыны талдау есебім.

Сабақтың тақырыбы: Ақиқат және жалған пікірлер.

Үшінші сабақ барысында саралау әдісінде өзіне ерекше назар аударуды қажеттілігі көрініп, С деңгейдегі оқушы қолдауды сезініп сұрақтарға жауап бермесе де, топқа көмектесе алмаса да ұжыммен бірге жұптасуға ат салыса бастады.

Қорыта келгенде С деңгейдегі оқушы топтық жұмыс барысында өзіне деген сенімділікті арттыру үшін өзіне жеке назар аударуды қажет етеді. Сыныпта жалпы жақсы қарым қатынаста, тек оқуға талпынысы төмен.

Бақылаушы бастауыш сынып мұғалімі: С.Б.Узбекова